

Abstract. The article examines the poetics of the title of a literary work as a key element of the artistic structure of Kemel Tokayev's novel «The Soldier Went to War». Drawing on Yuri Lotman's ideas about the title as a semiotic «key» to the text, the author explores how the novel's title concentrates its ideological and emotional content and determines the direction of reader interpretation. The object of the study is the literary text of the novel, while the subject includes the poetic and meaning-forming functions of its title, which shape the reader's perception and the overall structure of the work. The aim of the research is to identify how the title contributes to forming the thematic core of the text, organizes the composition, and defines the vectors of semantic perception. In accordance with this aim, the study sets the following tasks: to analyze the semantics of the key words in the title; to characterize its role in creating the historical and cultural context; to determine the connection between the title and the motivational system of the novel; to establish its influence on the formation of the protagonist's image and the development of the plot; and to trace the transformation of the title's meanings as the narrative unfolds.

The research is based on the hypothesis that the title «The Soldier Went to War» performs not only a nominative but also a conceptually organizing function: it sets the framework for interpretation, encodes the central conflict, and defines the emotional and existential tone of the narrative. It is assumed that the title acts as a kind of prologue to the semantic structure of the novel, initiating the reading process as a movement from a literal event toward a multilayered comprehension of a human fate in wartime.

Keywords: «lieutenant prose», novel, K. Tokayev, title, The Soldier Went to War, «trench truth».

Информация об авторе

Демежанов Тулеубек Мухамадиевич – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных и русских языков, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, email: toleubek@yandex.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3038-2533>.

Автор туралы мәлімет

Демежанов Толеубек Мухамадиевич – филология ғылымдарының кандидаты, шетел және орыс тілдері кафедрасының доценті, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: toleubek@yandex.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3038-2533>.

Information about the author

Toleubek Demezhanov – candidate of philological sciences, associate professor of the Department of foreign and russian languages at Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, email: toleubek@yandex.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3038-2533>.

Поступила в редакцию 23.01.2026

Принята к публикации 26.03.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-11](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-11)

FTAMP: 17.01.07

А.Т. Смагулова^{1*}, Г.О. Мүрсәлім²

¹Шәкәрім университеті,

071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А

²Alikhan Bokeikhan University,

071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Мәңгілік ел, 11

*ORCID: 0000-0002-7509-7025

*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «БУДДА» АУДАРМАСЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аңдатпа. Мақалада Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің Лев Толстойдың «Будда» әңгімесін қазақ тіліне аударуының әдеби-тарихи, идеялық және көркемдік маңызы түрде талданады. Зерттеуде аударманың жазушының шығармашылық қалыптасуындағы орны, ағартушылық бағдарымен байланысы және гуманистік дүниетанымының эволюциясына ықпалы айқындалады. Сонымен қатар тәржіманың қазақ оқырманына тигізген әсері, ұлттық әдеби кеңістікте жаңа танымдық бағдар қалыптастырудағы қызметі сараланады.

Талдау барысында Толстой философиясындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұру, рухани кемелдену, адамгершілік құндылықтарды дәріптеу идеяларының Әуезов аудармасында берілу ерекшеліктері қарастырылады. Аудармашының түпнұсқа мәтінді ұлттық мәдени кодпен үйлестіру тәсілдері, көркемдік трансформация амалдары және стильдік шешімдері анықталады.

Мақалада тарихи-әдеби, салыстырмалы, мәтінтанулық және интерпретациялық әдістер қолданылып, Әуезов аудармасының қазақ әдебиетіндегі орны мен рухани мәдениетті дамытудағы маңызы ғылыми тұрғыда негізделеді. Зерттеу нәтижелері көркем аударма теориясын жетілдіруге, әуезовтану және аударматану салаларын тереңдетуге, жоғары оқу орындарындағы әдебиеттану пәндерін мазмұндық тұрғыдан байытуға және болашақ ғылыми ізденістерге әдіснамалық бағдар беруге мүмкіндік береді. Бұл материал гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеушілерге, магистранттарға, докторанттарға, оқытушыларға, әдебиет мұғалімдеріне, сондай-ақ ұлттық руханият мәселелеріне қызығушылық танытатын кең оқырман қауымға пайдалы дереккөз ретінде ұсынылады. Ал алынған тұжырымдар академиялық басылымдарда жариялауға, ғылыми жобаларда пайдалануға, конференцияларда талқылауға, пәнаралық зерттеулерге енгізуге және практикалық білім беру үдерісін жетілдіруге нақты негіз бола алады. Сондықтан мақала өзектілігімен ерекшеленіп, заманауи әдебиеттану талаптарына толық сәйкес келеді және ғылыми қауымдастықта қызығушылық тудырады бүгін қазір кеңінен болашақта.

Тірек өздер: М. Әуезов, Л. Толстой, аударма, будда, түпнұсқа, гуманизм, әуезовтану.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығы ерекше орын алады. Ол абайтанудың ғылыми негізін қалыптастырып, сөз өнерін терең зерттеп, көркем шығармалар мен аудармалар арқылы ұлттық руханиятты байытты. Әуезовтің аудармалық еңбектері оның әдеби талғамы мен интеллектуалдық көкжиегін, сондай-ақ қазақ оқырманының рухани мәдениетін қалыптастырудағы рөлін айқын көрсетеді.

Мұхтар Әуезовтің аудармашылық қызметі, әсіресе Лев Толстойдың «Будда» әңгімесін тәржімалауы, жас қаламгердің гуманистік көзқарасын және ағартушылық миссиясын айқын танытады. Осы аударма арқылы Әуезов қазақ оқырманына орыс әдебиетінің озық үлгілерін таныстырумен қатар, адамгершілік, әділеттілік, зорлық-зомбылыққа қарсы тұру сияқты идеяларды жеткізуді мақсат етті.

Мақаланың мақсаты – Әуезов аудармасының көркемдік ерекшеліктерін, философиялық мазмұнын және қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықпалын талдау арқылы оның шығармашылығын жан-жақты бағалау. Сонымен қатар аударманың тарихи контекстін қарастыру, Толстой шығармасындағы идеяларды Әуезов тәржімесінде ашу, аудармашылық тәсілдерін сипаттау және оның ұлттық руханияттағы рөлін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу.

Мұхтар Әуезов орыс жазушысы Лев Толстойдың «Будда» әңгімесін аударып, 1918 жылы «Абай» журналының бірінші санында жариялаған. Бұл шығарма – жас Мұхтардың аударма саласындағы алғашқы қадамдарының бірі.

«Қазақтың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма» деп қазақ санасын оятуға талпынған жастың Толстойды тәржімалауы қайран қалдырмай қоймайды. Мұхтар Әуезов орыс әдебиетінің озық шығармаларын жастайынан бастап-ақ оқи бастаған десек те, неліктен Толстойдың «Буддасын» тәржімалаған? Әңгімені қазақ оқырманына жеткізе отырып, нені астарлады екен?

Материалдар мен әдістер

Зерттеу объектісі ретінде Мұхтар Әуезов аударған Лев Толстойдың «Будда» әңгімесі қолданылды. Сондай-ақ Әуезовтің әдеби шығармалары мен мақалалары, атап айтқанда «Абайдың туысы мен өмірі» және оның ғылыми жазбалары мен қазақ әдебиетінің тарихына қатысты еңбектері материал ретінде қарастырылды. Толстойдың түпнұсқа мәтіндері және Алаш қайраткерлерінің, атап айтқанда Әлихан Бөкейханның философиялық ойлары зерттеу контекстінде қосымша дерек көзі ретінде қолданылды.

Зерттеуде тарихи-әдеби талдау, салыстырмалы мәтіндік талдау, контекстік және интерпретациялық талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер аударманың көркемдік ерекшеліктерін, философиялық идеяларын және ұлттық мәдениетке ықпалын ғылыми тұрғыдан анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу барысында әдебиеттану және аударматану теориялары негізінде әдістемелік талдау жүргізіліп, аударманың түпнұсқа мен қазақ тіліндегі мәтін арасындағы сабақтастығы қарастырылды.

Талдауда Лев Толстойдың философиялық ізденістері мен буддизм және шығыстық ілімдер әсері туралы зерттеулерге назар аударылды [1]. Зерттеушілер Толстойдың шығармашылығында буддизм, дін философиясы және шығыс ойларының белгілі әсері бар екенін көрсетеді: жас Толстойдың буддизм принципіне негізделген бейбітшілік пен зорлықсыздық идеяларымен кездескендігі оның философиялық ізденістеріне әсер еткені айтылады, бұл оның діни-философиялық көзқарастарының қалыптасуында маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді [2].

Сонымен қатар, Л.Н. Толстойдың діни және философиялық ойлары тек батыстық діни дәстүрлермен ғана шектелмей, әлемдік діндермен, оның ішінде буддизм мен универсализм идеяларымен де тығыз байланысқанын көрсететін зерттеулер бар [3].

Әуезовтің аударма тәжірибесі мен теориясы туралы қазақ әдебиеттанушылары мен әдебиет сыншылары зерттеген еңбектер де бар [4]. Әуезов – көрнекті қазақ жазушысы ретінде ғана емес, аудармашы ретінде де әдебиет тарихына елеулі үлес қосқан қаламгер, оның аударма жұмыстары қазақ тілінде көркем аударма теориясының қалыптасуына әсер етті.

Әуезовтің шығармашылық портретіне қатысты әдебиеттану еңбектерінде оның көркем аударма мәселелері, әсіресе шығыс философиялық сюжеттер мен идеяларды қазақ әдебиетіне ықшамдап жеткізу тәсілдері туралы айтылады, бұл оның аударма өнерінің әдеби-теориялық маңызын көрсетеді. Осы деректерге сүйене отырып, Л. Толстой мен М. Әуезов мәтіндерін салыстырмалы зерттеу олардың шығармашылық әдістерін мәдени-философиялық контексте түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

«Толстойдың бұл шығармасын тәржімалаудағы Әуезовтің бір мақсаты – қазақ жұртының танымдық көкжиегін кеңейту болса, екінші ойы оқырманды адамзаттың озық ой үлгілерімен тәрбиелеуге талпыну», – дейді ғалым Б. Жақып [5].

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан да Толстой философиясына ерекше назар аударған: «Бостандық, теңдік, туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бірі біздің Шарифаттан, Інжілден, Будданың оқуынан, Толстой философиясынан табылады, көзі ашық, талапты ер ізденсе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға сала жайылған хайуандыққа қайтқан болады» [6].

Кейінірек, яғни 1933 жылы жазған «Абайдың туысы мен өмірі» мақаласында М. Әуезов былай дйді: «Көп кітап оқып, бұрын сезбей, білмей жүрген көп жаңалық есіткен соң Абайдың ішінде қатты толқын, үлкен ой-пікір өзгерістері болады. Мұның мысалына, берірек ұлғайып келген уақытта Абайдың өзі айтқан бір сөзін еске алуға болады. Өзі айтуынша: «Отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты үстіне шығып өзгеріп: күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті» депті. Берірек келіп оқуға салынып оқып, кітап деген нәрсе әншейін қазақтың ет пен қымызы сияқты тіршілік азығының ең үлкен шартының бірі болып алғандай Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан, соның ағымына ақыл, оймен құлай сүйсініп, шын сүйетін сияқты әдеттер тауыпты. Мәселен, будданы оқып шыққанның артынан: «Шіркін будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау» деген сияқты. Өмір бойы Лермонтовты сүйіп: бұл махаббатқа уланған шын ақын, «махаббатын улаған ашу» деген сияқты сөздері бар» [7].

Лев Толстойдың будда іліміне қызығушылық танытуы мен бұл тақырыпқа жүйелі түрде ден қоюының тарихы туралы бірізді пікір қалыптаспаған. Кейбір зерттеушілер бұл үдерісті жазушының 1880 жылдардың ортасындағы рухани ізденістерімен байланыстырса, енді бір еңбектерде оның Шығыс дүниетанымына бет бұруы әлдеқайда ертерек, жас шағындағы өмірлік тәжірибелерімен сабақтастырыла қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, Толстойдың буддизмге қатысты дереккөздермен танысуы, нақты мәтіндерді пайдалану тарихы және жеке өмірлік әсерлерінің ықпалы мәселені кешенді түрде пайымдауды қажет етеді. Төменде келтірілетін деректер Толстойдың будда іліміне ден

қоюының әр кезеңін, оның интеллектуалдық және рухани эволюциясындағы орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Будда туралы материал жинауға Толстой, шамамен 1885 жылдың соңында немесе 1886 жылдың басында кіріскен. 1886 жылғы 21 шілдеде Н.Н. Страхов Толстойға хат жазып, екі күннен кейін оған буддизм туралы белгілі Г. Бюрнфуаның «Лотос» атты еңбегін жіберетінін хабарлаған. Толстой бұл еңбектің Э. Шюрениң Будда туралы кітабымен қатар өзіне ерекше ықпал еткенін айтқан. Шамамен осы кезеңде Чертков та Толстойға С. Бильдің «Қытай дереккөздері бойынша буддизм тарихының очеркі» («Outline of Buddhism. From Chinese Sources», Лондон, 1870) атты кітабын жолдаған. Бұл еңбек Толстойдың жұмысында кеңінен пайдаланылған.

1905 жылы Толстой «Круг чтения» («Оқу шеңбері») жинағын құрастыруына байланысты «Будда» тақырыбына қайта оралды. Сол жылы ол «Будда» атты очерк жазды. 1908 жылы «Круг чтения» жинағының екінші басылымы үшін бұл очерк қайта өңделді. Сонымен қатар 1909-1910 жылдары Толстойдың жетекшілігімен және редакциясымен П.А. Буланженің «Сиддарта Готаманың (кемелденген, яғни Будда атанған) өмірі мен ілімі» кітапшасы жазылды.

«Сиддарта, Будда атанған» атты мақаланы «Посредник» баспасының қызметкерлері М.А. Новоселов, А.И. Эртель, А.П. Барыкова және әсіресе В.Г. Чертков бірлесіп дайындады. 1916 жылы Чертков «Единение» журналында «Сиддарта, яғни әулие деп аталған Будданың өмірінен» атты мақаласын жариялады. Бұл мақалаға кіріспе бөлім, 3-8-тараулар және Толстой жазған алғашқы екі тарау енгізілді.

П.И. Бирюков 1925 жылы неміс тілінде жарық көрген «Толстой және Шығыс» деп аталатын еңбегінің алғысөзінде: «Өз күнделіктерінің алғашқы беттерінде-ақ ол болмашы бір ауруға байланысты Қазан лазаретінде біраз уақыт болғанын баяндайды. Бұл 1847 жыл еді. Лев Николаевич менімен әңгімесінде сол госпитальда оның жанында жолда қарақшы шабуыл жасап, жаралаған бір бурят-лама жатқанын айтқан. Толстой одан егжей-тегжейлі сұрағанда, таңданысқа толы күйде лама буддист ретінде қарақшыға қарсыласу орнына, көзін жұмып, дұға ете отырып, өлімін сабырмен күткенін білген. Бұл оқиға да Толстойдың жас жанына терең әсер етіп, оның бойында шығыс даналығы мен шығыс халықтарының рухани даналығына деген зор құрмет оятты».

П.И. Бирюков госпитальда Лев Толстой танысқан буддист (бурят) ламаның есімін атамайды. Ал қазіргі зерттеушілер 1847 жылы Лев Толстой танысқан буддист лама – 1842-1856 жылдары Қазанда өмір сүріп, қызмет еткен көрнекті ғалым, буддист және буддизмді зерттеуші Галсан Гомбоев (1818-1863) болған деп тұжырымдайды. Бұл пікірді алғашқылардың бірі болып бурят жазушысы Илья Мадасон ұсынған. Ал бұл болжам Д.Б. Улымжиевтің еңбегінде неғұрлым жан-жақты дәлелденген. Галсан Гомбоев Қазандағы өмірінің бір кезеңінде (қалмақ даласына жасаған сапары кезінде) шынында да қарақшылардың шабуылына ұшырап, жарақат алып, белгілі бір уақыт емделген, соның ішінде Қазанда да ем қабылдаған. Д.Б. Улымжиев аталған еңбегінде бұл оқиғаларды 1847 жылдың басымен байланыстырады, яғни дәл сол кезеңде Лев Толстой да Қазан университетінің клиникасында болған.

Сол монахтан орыс жазушысы Л.Н. Толстой алғаш рет «Ахмис» (зорлық-зомбылық жасамау) заңының талаптарын естиді. Яғни Толстой жамандыққа күшпен қарсылық көрсетпеу идеясын мақұлдаған.

Әңгімені салыстырайық. Аудармашы еркін аударма жасаған. Мәселен,

Л. Толстойда: *«Две тысячи четыреста лет тому назад жил в Индии царь Судходана. У него было две жены, две родные сестры, но детей ни от одной, ни от другой не было. Царь очень огорчался этим, и вдруг, когда он уже перестал надеяться, старшая жена его, Майя, родила сына»* [8].

М. Әуезовте: *«Гайса пайгамбар дүниеге келместен жүз жыл бұрын Гималай тауының етегінде бір Саки деген халық тұрды. Патшасы Судходана деген кісі екен. Патшаның екі қатыны болды. Бірақ ешбірінен де бала болмады. Кәрілік алқымдап қалып, артында*

бала қалмайтындығы уайым болып жүрген уақытта патшаның зор қуанышына үлкен қатыны Майядан бір еркек бала туды» [9].

М. Әуезовтің мәтінінде тарихи уақыт хронологиялық тұрғыдан нақты берілмеген, оны «Ғайса пайғамбар дүниеге келместен жүз жыл бұрын» деп баяндау арқылы исламдық мәдени контекстке байланыстырады. Сонымен қатар, автор Гималай тауының етегінде өмір сүрген Саки халқы мен патшаның жағдайын сипаттай отырып, оқиғаға географиялық және этнографиялық нақтылық қосады. Әуезов мәтінінде патшаның қайғысы мен үмітсіздігі тек жеке адамның трагедиясы ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және моральдық сипатқа ие: кәрілік, бала қалмау уайымы, патшаның зор қуанышы. Бұл тәсіл оқиғаны драматизациялайды және кейіпкерлердің эмоционалды психологиясын аша түседі.

Л. Толстойда: *«Долго он мучился, но один раз, когда он сидел под деревом и думал всё о том же, ему вдруг открылось то, чего он искал: открылся путь спасения от страданий, старости и смерти. Путь спасения представился ему в четырех истинах. Первая истина была в том, что все люди подвержены страданиям. Вторая истина в том, что причина страданий – страсти. Третья истина в том, что для того, чтобы избавиться от страдания, надо уничтожить в себе страсти. Четвертая истина в том, что для того, чтобы уничтожить страсти, нужно четыре дела».*

Әуезов бұл жолдарды былайша аударарды: *«Оңашада көп заман нәфсі жауымен алысып, бір күні ағаштың түбінде әуелгі тыныштығын бұзған ойды қуып отырғанда, адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты. Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша нәрсе, уақыт бітсе күйремек, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәфсінің тілегін жоғалту керек деген Сейдхартаның үміті төрт түрлі хақиқатқа тірелді. Бірінші хақиқаты: адам баласы газап көрмек. Екінші хақиқаты: газап нәфсіден туады. Үшінші хақиқаты: адам нәфсіні жойса, газаптан да құтылады. Төртінші хақиқаты: нәфсіден құтылуға төрт саты бар...».*

Түпнұсқадағы *«открылся путь спасения от страданий, старости и смерти»* деген жолдарды *«адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты»* деп шынайыландыра береді. Ал, *«Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша нәрсе, уақыт бітсе күйремек, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады»* деген пәлсапалық жолдар да Мұхтар Әуезов жанынан қосылған.

М. Әуезов мәтінінде философиялық идея қазақ әдебиетінің эпикалық және образдық стилімен беріледі. Ол Будданың ойын кеңірек сипаттап, оқиғаның психологиялық және моральдық аспектілеріне мән береді. Мәтінде нәфсінің жау екені, адамның өмір сүру тәсілі мен өлім қорқынышы, бейнеттің шығу себептері егжей-тегжейлі баяндалады. Әуезов төрт шындықты қысқаша емес, түсіндірмелі формада береді: азап нәфсіден туады, нәфсінің тілегін жеңгенде ғана адам бейнеттен құтылатыны айқындалады. Сонымен қатар, мәтінде философиялық идеялар күнделікті өмірдің психологиялық контекстімен байланыстырылған.

Сейдхарта ұсынған он парыз бен олардың аудармалары мен интерпретациялары адамның рухани дамуы мен моральдық жетілуіндегі маңызды құрал екенін көруге болады. М. Әуезовтің аудармалары қазақ мәдениеті мен дәстүрлі этикасына үйлесімді, оқырманға тәрбиелік мәнін жеткізетін көркем тілде берілген. Ал Толстойдың философиялық тұжырымдары адамның өзіне деген сенімі, ішкі ізденісі және рухани тұрақтылығының ақиқатқа жетудегі рөлін айқындайды. Осылайша, шығыс даналығы мен қазақ әдебиеті арасындағы үйлесімділік, адам болмысының жан-жақты дамуы және моральдық, интеллектуалды жетілу қажеттігі көрініс табады. Қысқаша айтқанда, бұл талдау адамгершілік, ой-пікір тазалығы және ізденімпаздық қағидаларының өзара байланысын нақты көрсетеді және олардың әр дәуірде өзектілігін сақтайтынын дәлелдейді.

Түпнұсқадағы: «В продолжение пятидесяти лет Будда, переходя из места в место, проповедовал свое учение. Последние годы Будда был слаб, но все еще ходил и проповедовал» деген жолдарды М. Әуезов былайша тәржімалайды: «Будда қажымастан 60 жыл бір жерден бір жерге көшіп жүріп халықты үгіттеді. Ақыры бір-екі қышлақтың арасында келе жатқанда ажал сағаты келіп жетті. Сол уақытта жасы 80-де еді. Әбден нашарланып әлсіресе де үгітін қоймап еді». Будданың неше жасында дүниеден өткендігі туралы Толстойда жоқ.

Немесе орысша нұсқасындағы: *«Друзья мои, – прибавил он, обращаясь к другим ученикам, – живите так, как я учил вас. Освобождайтесь от оупутывающей людей сети страстей. Идите по тому пути, который я указал вам. Помните всегда, что телесное все разрушается, только истина неразрушима и вечна. В ней ищите спасение. Это были последние слова его»*, - деген ойды Әуезов былай деп аударған: *«Дүниеде мәңгілік не бар дейсің достарым! – деп басқа шәкірттеріне қарап, – менің үйретуімше өмір сүріңдер, нәфсінің тұзағынан құтылыңдар, мен нұсқаған жолмен жүріңдер. Әрдайым естеріңде болсын: тән ойран болмақ, бұзылмайтын мәңгілік – жалғыз хақиқат. Сол себепті хақиқатқа жабыссаңдар, жандарыңды құтқарасыңдар». Данышпан Будданың ақырғы сөзі болды. Сонан кейін көзін мәңгілікке жауып, ақырын дүниеден көшіп жүріп кетті»*. Дүниеден көшіп кетті деп Будданың өмірден озғанын қазақ түсінігіне жақындата береді.

Дүниеден бас тартып, ел аралап, жер шарлаған Сейдхарта өз шәкірттеріне берген он парыздың әрқайсысы терең философиялық мәнге ие. М. Әуезов бұл жолдарды қазақ тілінде өз түсінігімен аударып, олардың рухани мәнін көркем әдеби тілде жеткізуге тырысқан. Мысалы, «Будь целомудрен и в мыслях, и в жизни» деген түпнұсқа жолды Әуезов «Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол» деп аударған. Мұнда сөзбе-сөз аударма емес, ойдың мәні мен тәрбиелік аспектісі берілген: бұл жол адамға тек сыртқы мінез-құлықпен ғана емес, ойымен де таза болуға, моральдық тазалықты сақтауға үндейді. Әуезовтің аудармасында «арамдықтан сақтану» мен «әйелден аулақ болу» арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы этикалық және моральдық қағидаларға үндес тұстар айқындалады. Яғни, бұл аударма арқылы ол шығыс даналығы мен қазақ мәдениетіндегі әдептілік арасындағы байланысын көрсеткен.

Толстойда кездесетін «Старайся понять истину» парызы да терең философиялық мәнге ие. Толстой бұл ұғымды тек қана ақиқатқа жету әрекеті ретінде емес, сонымен қатар адамның өзіне деген сенімінің, ізденімпаздығы мен ішкі ерік-жігерінің көрінісі ретінде қарастырады. Әуезов бұл тұжырымды қазақ оқырманына жеткізу үшін «Сенімсіздіктен құтыл, хақиқатты ұғуға тырыс» деп аударған. Бұл аудармада адамға өз күмәндерін жеңіп, ішкі сенімділік пен тұрақтылық арқылы шынайы білім мен ақиқатқа жетуге тырысуды меңзеген. Мұнда тек интеллектуалды ізденіс қана емес, моральдық, рухани және психологиялық дайындықтың маңызы да көрсетіледі. Ақиқатты тану үшін адам өзінің сенімсіздігімен күресуі, жеке тәжірибесі мен өмірлік тәжірибені үйлестіре білуі қажет.

М. Әуезовтің аудармасы мен Толстойдың философиялық тұжырымдары бір-бірін толықтырады. Әуезов жолдарында дәстүрлі қазақ этикасы мен моральдық қағидаларымен үндес мәндер бар, яғни адам бойындағы сенім, ізденімпаздық пен рухани тұрақтылықтың рөлін ерекше атап көрсетеді. Бұл талдау шығыс философиясының универсалды қағидалары мен қазақ әдебиетінің рухани дәстүрін үйлестіретін қызықты мысал болып табылады.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Л. Толстой мен М. Әуезовтің мәтіндері бірдей философиялық идеяны – адам қайғы-қасіреті мен одан құтылу жолдарын – жеткізсе де, оны баяндау тәсілдері мен стильдері әртүрлі. Л. Толстой мәтнінде оқиға құрылымы логикалық және ықшамдалған. Бұл мәтін рационалды-философиялық стильде жазылып, философиялық идеяны жүйелі, тартымды түрде оқырманға жеткізеді.

Әуезов мәтіндерінде философиялық идея қазақ әдебиетінің көркемдік, моральдық және психологиялық ерекшеліктерімен беріледі. Ол оқиғаны кеңірек сипаттап, кейіпкерлердің эмоциясына, нәпсі мен бейнет арасындағы күресіне көңіл бөледі. Мәтінде мәдени және діни контекст қосылып, философиялық ой бейнелі және түсіндірмелі формада дамытылады.

Мысалы, Будданың соңғы сөзі тек нұсқау емес, эмоционалды-психологиялық финал ретінде беріледі, бұл оқиғаны оқырманға түсінікті әрі есте қаларлық етеді.

Дегенмен, екі автор да негізгі идеяны – құмарлықтан құтылу, мәңгілік шындыққа жету, адам жанының рухани тазалығы – сақтап, әртүрлі мәдени және әдеби контексте бейнелейді. Бұл салыстырма қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің философиялық ойды көрсету тәсілдерін салыстыра талдауға мүмкіндік береді және әдеби мәтіндерді мәдени-когнитивтік тұрғыдан оқудың маңызын көрсетеді.

Қорытынды

Мақалада Мұхтар Әуезовтің «Будда» аудармасы философиялық және мәдени трансформация тұрғысынан кешенді түрде талданды. Қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезов түпнұсқадағы буддалық ілімнің негізгі категорияларын қазақ оқырманының таным көкжиегіне жақындатып, ұғымдық сәйкестіктер арқылы жаңаша мәдени кеңістік қалыптастырған.

Философиялық тұрғыдан алғанда, шығармадағы өмір мәні, қасірет пен арылу, адамгершілік кемелдену идеялары қазақ руханиятындағы гуманистік ұстанымдармен сабақтастықта берілгені байқалды. Бұл аударма арқылы шығыстық діни-философиялық мәтін ұлттық дүниетаныммен үйлесім тауып, жаңа семантикалық реңкке ие болған. Мәдени трансформация деңгейінде мәтін мазмұны ғана емес, стильдік, бейнелік, концептуалдық құрылым да ұлттық әдеби дәстүрге икемделген.

Зерттеу нәтижесінде «Будда» аудармасының қазақ әдебиетіндегі көркем аударма тәжірибесін байытқан, философиялық прозаның дамуына ықпал еткен маңызды туынды екені дәлелденді. Сонымен қатар аударма үдерісінде авторлық интерпретацияның айқын көрінуі оның тек тәржіма емес, мәдени диалог формасы екенін көрсетеді.

Л.Н. Толстойдың «Будда» аудармасын философиялық және мәдени трансформация аясында қарастыра отырып, Әуезовтің аудармашылық стратегиясын ұлттық дүниетаныммен сабақтастыра талдауда; мәтіндегі концептуалдық өзгерістер мен мағыналық құбылыстарды жүйелі түрде саралауда; сондай-ақ аударманы өркениетаралық рухани байланыстың көрінісі ретінде бағалауда жатыр. Осы тұжырымдар мақаланың құрылымдық тұтастығын айқындап, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызын нақтылайды.

Жалпы алғанда, өркениетті аңсаған кез-келген дананың негізгі пәлсапалық ойының астарында адам жанының тазаруы арқылы ғана жақсылыққа жетуге болады деген терең мән жатыр. Кез келген діндегі басты мақсат та осы адамгершілік, ізгілік қағидаларына негізделеді.

Жиырмаға енді ғана толған жас жеткіншектің пәлсапалық маңызы терең осындай шығарманы аударуға бел бууы оның даралығын айшықтай түседі. Әрі шығарманың көркемдік сипаты да жас аудармашының қабілетінің куәсі дерсіз.

Әдебиеттер

1. Серебряный С.Д. Лев Толстой и буддизм // Вестник Бурятского государственного университета. Гуманитарные исследования Внутренней Азии. – 2016, № 3. – С. 10-24.
2. Полонская Л. Махатма Ганди: смысл жизни // Новая и новейшая история: журнал. – 1991. – № 4. – С. 28-35.
3. Prali G.Z., Kunayev D. A. Mukhtar Auezov and Ivan Turgenev // RUDN Journal of Studies in Literature and Journalism (Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Literaturovedenie. Zhurnalistika). – 2025, № 30 (4). – P. 802-812.
4. Kozhakhmetova G., Tazhibayeva S., Abeshova N., Ibragimova K. National values in the translation of Kazakh literary works. Cadernos de Tradução. – 2024. - № 44 (1). – P. 1-14.
5. Kenzhebekova G., Smanov B., Tutinova N., Soylemez O., Tulekova G. Religious Worldview in the Works of Auezov. International Journal of Literary Humanities. – 2024, № 22(1). – P 35-49.
6. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
7. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 9 томдық жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 6. – 520 б.

8. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 8-том: Мақалалар, зерттеулер, очерктер, әңгімелер, аудармалар, құжаттар. 1930-1934. – 504 б.
9. Толстой Л.Н. Собрание сочинений в восьми томах. – Т.7. – М.: Лексика, 1996. – 245 с.
10. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917-1920. – 464 б

References

1. Serebryanyi S.D. Lev Tolstoi i buddizm [Leo Tolstoy and Buddhism] // Vestnik Buryatskogo gosudarstvennogo universiteta. Gumanitarnye issledovaniya Vnutrennei Azii. – 2016. – No. 3. – P. 10-24. (in Russian)
2. Polonskaya L. Makhatma Gandi: smysl zhizni [Mahatma Gandhi: The Meaning of Life] // Novaya i noveishaya istoriya: zhurnal. – 1991. – No. 4. – P. 28-35. (in Russian)
3. Prali G.Z., Kunayev D.A. Mukhtar Auezov and Ivan Turgenev // RUDN Journal of Studies in Literature and Journalism (Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Literaturovedenie. Zhurnalistika). – 2025. – No. 30 (4). – P. 802-812.
4. Kozhakhmetova G., Tazhibayeva S., Abeshova N., Ibragimova K. National Values in the Translation of Kazakh Literary Works // Cadernos de Tradução. – 2024. – No. 44 (1). – P. 1-14.
5. Kenzhebekova G., Smanov B., Tutinova N., Soylemez O., Tulekova G. Religious Worldview in the Works of Auezov // International Journal of Literary Humanities. – 2024. – No. 22 (1). – P. 35-49.
6. Mukhtar Auezov entsiklopediyasy [Mukhtar Auezov Encyclopedia]. – Almaty: Atamura, 2011. – 688 p. (in Kazakh)
7. Bokeikhan A. Shygarmalarynyn 9 tomdyq zhinagy [Collected Works in 9 Volumes]. – Astana: Saryarqa, 2013. – Vol. 6. – 520 p. (in Kazakh)
8. Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy [Complete Collection of Works in Fifty Volumes]. – Almaty: «Dauir», «Zhibek zholy», 2014. – Vol. 8: Maqalalar, zertteuler, ocherkter, angimeler, audarmalar, quzhattar. 1930-1934 [Articles, Studies, Essays, Stories, Translations, Documents. 1930-1934]. – 504 p. (in Kazakh)
9. Tolstoi L.N. Sobranie sochinenii v vosmi tomakh [Collected Works in Eight Volumes]. – Vol. 7. – Moscow: Leksika, 1996. – 245 p. (in Russian)
10. Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy [Complete Collection of Works in Fifty Volumes]. – Almaty: «Dauir», «Zhibek zholy», 2014. – Vol. 1: Maqalalar, pesalar. 1917-1920 [Articles, Plays. 1917-1920]. – 464 p. (in Kazakh)

А.Т. Смагулова^{1*}, Г.О. Мурсалим²

¹Шәкәрім университет,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

²Alikhan Bokeikhan University,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Мәңгілік ел, 11

*ORCID: 0000-0002-7509-7025

*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

МУХТАР АУЭЗОВ ПЕРЕВОД «БУДДА»: ФИЛОСОФСКАЯ И КУЛЬТУРНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аннотация. В статье анализируется литературно-историческое, идейное и художественное значение перевода Мухтара Омархановича Ауэзова рассказа Льва Толстого «Будда» на казахский язык. В исследовании определяется роль перевода в формировании творческой личности писателя, его связь с просветительской направленностью и влияние на эволюцию гуманистического мировоззрения. Кроме того, рассматриваются воздействие перевода на казахского читателя и его роль в формировании нового познавательного ориентирования в национальном литературном пространстве.

В ходе анализа исследуются особенности передачи в переводе идей Толстого о противостоянии насилию, духовном совершенствовании и пропаганде моральных ценностей. Определяются приёмы Ауэзова по согласованию оригинального текста с национальным культурным кодом, методы художественной трансформации и стилевые решения.

В статье применяются историко-литературный, сравнительный, текстологический и интерпретационный методы, что позволяет научно обосновать место перевода Ауэзова в казахской литературе и его значение для развития духовной культуры. Результаты исследования способствуют совершенствованию теории художественного перевода, углублению ауэзоведения и переводоведения, содержательному обогащению курсов литературоведения в вузах и предоставляют методологическое руководство для будущих научных исследований. Материал может быть полезен гуманитарным исследователям, магистрантам, аспирантам, преподавателям, учителям литературы, а также широкой аудитории, интересующейся вопросами национальной духовности. Полученные выводы могут быть использованы для публикации в академических изданиях, научных проектов, обсуждения на конференциях, междисциплинарных исследований и совершенствования практического образовательного процесса. Таким образом, статья выделяется актуальностью, полностью соответствует современным требованиям литературоведения и вызывает интерес научного сообщества как в настоящем, так и в перспективе.

Ключевые слова: М. Ауэзов, Л. Толстой, перевод, Будда, оригинал, гуманизм, ауэзоведение.

A.T. Smagulova^{1*}, G.O. Mursalim²

¹Shakarim University,

1071412, Semey, Republic of Kazakhstan, 20A Glinki Street

²Alikhan Bokeikhan University,

071412, Semey, Republic of Kazakhstan, 11 Mangilik El Street

*ORCID: 0000-0002-7509-7025

*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

MUKHTAR AUEZOV'S TRANSLATION OF «BUDDHA»: PHILOSOPHICAL AND CULTURAL TRANSFORMATION

Abstract. This article analyzes the literary, historical, ideological, and artistic significance of Mukhtar Omarkhanovich Auezov's translation of Leo Tolstoy's story «Buddha» into the Kazakh language. The study examines the role of the translation in shaping the writer's creative personality, its connection to his educational and enlightenment-oriented approach, and its influence on the evolution of his humanistic worldview. Furthermore, the article considers the impact of the translation on Kazakh readers and its role in establishing a new cognitive orientation within the national literary space.

The analysis highlights the ways in which Tolstoy's ideas of resistance to violence, spiritual perfection, and the promotion of moral values are conveyed in Auezov's translation. It identifies the translator's techniques for aligning the original text with the national cultural code, methods of artistic transformation, and stylistic solutions.

Historical-literary, comparative, textological, and interpretative methods are applied, which allows a scholarly justification of Auezov's translation's place in Kazakh literature and its significance for the development of spiritual culture. The findings contribute to the advancement of the theory of literary translation, the deepening of Auezov studies and translation studies, enrichment of literature courses at universities, and provide methodological guidance for future research. The material may be useful for humanities researchers, master's and doctoral students, instructors, literature teachers, as well as a wider audience interested in issues of national spirituality. The conclusions can be applied for academic publications, scientific projects, conference discussions, interdisciplinary studies, and improvement of practical educational processes. Therefore, the article is distinguished by its relevance, fully meets the contemporary requirements of literary scholarship, and is of interest to the scientific community both now and in the future.

Keywords: M. Auezov, L. Tolstoy, translation, Buddha, original text, humanism, Auezov studies.

Авторлар туралы мәліметтер

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна – филология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Абай және ұлттық руханият» ҒО жетекшісі, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызы – PhD, Alikhan Bokeikhan University, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: erowan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7402-7885>.

Сведения об авторах

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна – кандидат филологических наук, руководитель НЦ «Абай және ұлттық руханият» КеАҚ «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Мурсалим Гулнур Оразбековна – PhD, Университет «Алихан Бөкейхан», Республика Казахстан, Семей, e-mail: erowkan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7402-7885>.

Information about the authors

Smagulova Akmaral Tuleugazinovna – candidate of Philological Sciences, Head of the Research Center «Abai and National Spirituality» at Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Mursalim Gulnur Orazbekovna – PhD, Alikhan Bokeikhan University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: erowkan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7402-7885>.

Редакцияға енуі 29.01.2026

Өңдеуден кейін түсуі 19.02.2026

Жариялауға қабылданды 26.03.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-12](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-12)
FTAMP: 17.81.31

Н.М. Мурсалимова*, Ж.Т. Салтақова

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29

*ORCID: 0000-0003-4875-9684

*e-mail: m_nasihath@mail.ru

«ЕСІМ-ЗЫЛИҚА» ДАСТАНЫ: ҚОЛЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ МЕН МӘТІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Зерттеудің негізгі материалы ретінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған «Есім-Зылиқа» дастанының бес қолжазба нұсқасы алынды.

Мақалада қазақ фольклортану ғылымында ғашықтық дастандарды жүйелі зерттеудің ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқаны көрсетіліп, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, Б. Әзібаева және басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектері талданады. Зерттеушілердің тұжырымдарына сүйене отырып, ғашықтық дастандардың фольклор мен жазба әдебиет арасындағы өтпелі сипаты және авторлық өңдеу мен халықтық дәстүрдің өзара байланысы көрсетіледі. Әсіресе Б. Әзібаеваның жіктемесіне сүйене отырып, ғашықтық дастандардың шығыстық сюжетке негізделген, аймақтық фольклорлық және нақты тарихи оқиғаларға құрылған әлеуметтік-сүйіспеншілік жырлары болып үш топқа бөлінуі олардың көркемдік табиғатын саралауда маңызды ғылыми бағдар ретінде қарастырылады.

«Есім-Зылиқа» дастанының мазмұны шығыс классикалық хикаяларымен типологиялық ұқсастықта болғанымен, қазақ дүниетанымы, ұлттық салт-дәстүр мен тарихи-әлеуметтік шындықты бойына сіңірген төл туынды ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижесінде Н. Ахметбеков жинап тапсырған 1923 жылғы нұсқаның ел аузынан жазылып алынған түпнұсқалық мәтін екені дәлелденіп, кейінгі өңделген нұсқаларда ақындық көркемдік толықтырулар енгізілгені көрсетіледі. Сондай-ақ, дастанның ғашықтық дастан жанрындағы орны, тарихи негізі айқындалып, қолжазба мұраларды ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығы тұжырымдалады.

Кілт сөз: қолжазба, фольклор, Есім-Зылиқа, дастан, нұсқалар, зерттеу.

Кіріспе

Қазақ фольклорында дастан жанры ауызша дәстүрмен қатар жазба және баспа нұсқалары арқылы кең тараған көркем мұралардың бірі болып табылады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап қағаз бетіне түсе бастаған қисса-дастандар халық жадында сақталып, халықтық репертуардың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл үрдіске ортағасырлық түркі және шығыс халықтары арасындағы әдеби-мәдени байланыстар елеулі ықпал етіп, төл және шығыстық сюжеттерге негізделген эпикалық шығармалардың жырлануы кең өріс алды [1].